

Нгерулмуд

Нгерулмуд (ағылш. *Ngerulmud*) — 2006 жылдың 7 қазанынан бастап Палау астанасы. Елдің бұрынғы астанасы Корор қаласынан солтүстік-шығысына қарай 20 км қашықтықта және Мелекеок елді мекенінен солтүстік-шығысына қарай 2 км қашықтықта Бабелтуап аралында орналасқан.



Тарихы

- Мелекеок штатындағы қаланың орналасуы
- Палауның бұрынғы астанасы [Корор](#) қаласында орналасқан еді. 1979 жылы бекітілген конституция бойынша [Палауның Ұлттық конгресі](#) [Бабелтуап](#) аралында тұрақты ел астанасын құру туралы қаулы шығарды. Бұл қаулы бойынша конституцияның күшке енген күннен бастап он жыл ішінде елде жаңа елорда пайда болуы тиіс еді.^[4] [Микронезия Федерациялық Штаттарының](#) астанасы [Паликир](#) қаласында Капитолий кешенін жобалаған гавайилық *Hawaii Ltd.* сәулет фирмасына Капитолий ғимаратының құрылысы туралы шарты берілгеннен кейін жаңа астананың жобалануы 1986 жылы басталды. Құрылыс жұмыстары өте баяу жүргізілді, өйткені Палауда инженерлердің және сәулетшілердің жетіспеушілігі сезілді және құрылыс материалдардың басым бөлігін шетелден импорттаған

Капитолий ғимараты



- Палау [Тайваньнан](#) 20 млн АҚШ доллары көлемінде екі елдің арасындағы қарым-қатынасты нығайту және Палау елі жағынан Тайваньның дипломатиялық мойындауын қамтамасыз ету шеңберінде қарыз алғанға дейін кейінгі құрылыс жұмыстары 2000-шы жылдардың басына дейін тоқтатылды^[6]. Құны 45 млн долларды құрайтын және қаланың орталық аланы арқылы байланысқан [Палау парламенті](#) (елдің заң шығарушы органы), сот және атқарушы билік тармақтарына арнайы салынған бөлек ғимараттар 2006 жылдың 7 қазанында ашылды. Ашылу салтанатына 5000-ға жуық адам қатысты. Үкімет шенеуніктері құрылыс аяқталғаннан кейін тез арада өз кеңселерін Корорадан Нгерулмудке қарай көшірді

Парламент ғимараты



- 2013 жылы [The Wall Street Journal](#) газеті Капитолий ғимараты туралы «жергілікті климат үшін жарамсыз» және «Палауны қарызға кіргізді» деп жазды, сонымен қатар желдеткіш жүйесіндегі ақауларға байланысты ғимарат ішін [зен](#) басты. 2013 жылдың сәуірінде почтмейстер Томми Синсак жасаған шығындарды қысқарту шеңберінде Нгерулмудтың пошта бөлімшесі тұрақты негізде жабылды. Бөлімше 2011 жылдың желтоқсанында конгресстің резолюцияны енгізуінен кейін құрылды. Елде екі ғана осындай бөлімше жұмыс жасаған (екіншісі Корора қаласында). Жұмыстың 16 ай ішінде шығындар \$ 30 000 асты, ал табысы, негізінде [маркалардың](#) сатуынан, \$ 2000 әрең жетті. Нгерулмуд өзінің жеке [пошта индексі](#) (96939) бар Палаудағы жалғыз елді мекен, елдің басқа аймақтарында 96940 индексі қолданылады.

- 2014 жылдың шілдесінде Нгерулмудте Тынық мұхит аралдарының 45-ші форумы ресми түрде ашылды. Бірақ, осыған қарамастан форумдағы шаралардың басым бөлігі Корорада өткізілді. 2016 жылдың ақпанында Нгерулмудте Микронезия президенттерінің 16-шы саммиті өткізілді. Осы шараға Палауның, Маршалл аралдарының және Микронезия Федерациялық Штаттарының президенттері қатысты

Назарларыңызға
рахмет!!!!